

Ашимова Дана Ибрагимовна – магистр педагогических наук, координатор НИИ Биотехнологии и экологии, Жетысуский Университет им. И. Жансугурова, Республика Казахстан, 040000, г. Талдықорған, ул. Жансугурова 187а, тел.: +7775973728, e-mail: dana.ashimova@mail.ru.

Баймырзаева Мәдина Қаламбекқызы* – экономика ғылымдарының кандидаты, «Бизнес және басқару» даярлау бағытының доценті, Қонаев университеті, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Құрманғазы көш. 107, тел.: +77017224775, e-mail: madikob@mail.ru.

Әбдікәрімова Мира Маратқызы – экономика ғылымдарының магистрі, «Бизнес және басқару» даярлау бағытының аға оқытушысы, Қонаев университеті, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Құрманғазы көш. 107, тел.: +77017224775, e-mail: mira_razh@mail.ru.

Әшімова Дана Ибрагимқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, Биотехнология және экология ҒЗИ үйлестірушісі, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, 040000, Талдықорған қ., Жансүгіров көш. 187а, тел.: +7775973728, e-mail: dana.ashimova@mail.ru.

Baimyrzayeva Madina Kalambekkyzy* – Candidate of Economic Sciences, Associate Professor, "Business and Management" training program, Kunayev University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 107 Kurmangazy Str., tel.: +77017224775, e-mail: madikob@mail.ru.

Abdykarimova Mira Maratovna – Master of Economics, Senior Lecturer, "Business and Management" training program, Kunayev University, Republic of Kazakhstan, 050000, Almaty, 107 Kurmangazy Str., tel.: +77017224775, e-mail: mira_razh@mail.ru.

Ashimova Dana Ibragimovna – Master of Education, Coordinator, Research Institute of Biotechnology and Ecology, I.Zhansugurov Zhetysu University, Republic of Kazakhstan, 040000, Taldykorgan, 187a Zhansugurov Str., tel.: +7775973728, e-mail: dana.ashimova@mail.ru.

XFTAP 13.21.08

ӨОЖ 374.7:331.108

<https://doi.org/10.52269/SKVC2622042>

ЖАСТАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫ: МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖЕЛІЛІК ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Байтанатова М.Ж. – PhD докторанты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Уалиханова А.* – PhD докторанты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент қ. Қазақстан.

Өмірбай А.С. – PhD, «Философия» кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы.

Мақала еліміздегі жастардың желілік қауымдастықтарының көрнекі мәдениет пен құндылықтарға әсерін талдауға, интернет қауымдастықтарды мәдени шараларды тарату құралына айналдыра отырып, мәдени құндылықтарды қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтауға арналған. Интернеттің жаһандануы және жастардың цифрлық онлайн-қауымдастықтарының қарқынды дамуы заманауи мәдени кеңістіктің өте маңызды құрамдас бөлігіне айналууда. Сонымен бірге, бұл рухани мәдениет саласындағы жастардың жаңа беталыстары мен қалауларын айқындайды. Ұсынылып отырған мақала зерттеушінің диссертациялық жұмысының мазмұнына сәйкес жастардың желілік қауымдастықтардағы бос уақыттарын түрлі мәдени шаралармен, мәдени жобалармен толықтыру, сол арқылы мәдени құндылықтарын, тынығу мәдениетін қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтауға арналады. Онлайн-қауымдастықтарды эстетикалық қабылдауға әсер етуінің негізгі тетіктері қарастырылды. Бұл өнер, дизайн, сән мәселелері, соның ішінде, мәдени іс-шаралардың инновациялық түрлері белсенді талқыланатын әлеуметтік медиа платформалар, бейнехостингтер және мамандандырылған форумдардағы зерттеулердің арқасында мүмкін болды. Мақалада фотосуреттер, бейнеконтент, графика сияқты визуалды материалдардың жастар аудиториясының мәдени құндылықтары мен қалауларын қалыптастырудағы рөлін талқылауға да назар аударылды. Танымал трендтер мен мемдердің мәдени және құндылық бағдарларға әсері туралы зерттеулер жүргізілді. Мақалада мәдени құндылықтарды ілгерілетуге, жастардың тынығу мәдениеті мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға және оларды еліміздің мәдени өміріне тартуға бағытталған инновациялық мәдени-тынығу бағдарламаларын әзірлеу үшін онлайн жастар қауымдастығын пайдалану мүмкіндігі талданады.

Түйінді сөздер: жастар, желілік қауымдастық, әлеуметтік желілер, визуальды мәдениет, тынығу мәдениеті, мәдени құндылықтар, бос уақыт, мәдени шаралар.

ДОСУГ МОЛОДЕЖИ: ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ СЕТЕВЫХ СООБЩЕСТВ В ФОРМИРОВАНИИ КУЛЬТУРНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Байтанатова М.Ж. – PhD докторант, Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Уалиханова А.* – PhD докторант, Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Омирбай А.С. – PhD, старший преподаватель кафедры философии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Республика Казахстан.

Статья посвящена анализу влияния сетевых сообществ молодежи страны на наглядную культуру и ценности, выявлению возможностей формирования культурных ценностей путем превращения интернет-сообществ в средство распространения культурных мероприятий. Глобализация Интернета и динамичное развитие цифровых онлайн-сообществ молодежи становятся важнейшей составляющей современного культурного пространства. Вместе с тем, это определяет новые тенденции и предпочтения молодежи в сфере духовной культуры. Предлагаемая статья в соответствии с содержанием диссертационной работы исследователя посвящена определению возможностей наполнения досуга молодежи в сетевых сообществах различными культурными мероприятиями, культурными проектами, тем самым формирования культуры отдыха и культурных ценностей. Были рассмотрены основные механизмы воздействия на эстетическое восприятие онлайн-сообществ. Это стало возможным благодаря исследованиям на платформах социальных медиа, видеохостингах и специализированных форумах, где активно обсуждаются вопросы искусства, дизайна, моды, в том числе инновационные виды культурных мероприятий. В статье также было уделено внимание обсуждению роли таких визуальных материалов, как фотографии, видеоконтент, графика в формировании культурных ценностей и предпочтений молодежной аудитории. Проведены исследования о влиянии известных трендов и мемов на культурные и ценностные ориентиры. В статье анализируется возможность использования молодежного онлайн-сообщества для разработки инновационных культурно-досуговых программ, направленных на продвижение культурных ценностей, развитие культуры и творческих способностей молодежи и вовлечение их в культурную жизнь страны.

Ключевые слова: молодежь, сетевое сообщество, социальные сети, визуальная культура, культура досуга, культурные ценности, досуг, культурные мероприятия.

YOUTH LEISURE: THE POTENTIAL OF ONLINE COMMUNITIES IN SHAPING CULTURAL VALUES

Baitanatova M.Zh. – PhD student, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Ualikhanova A.* – PhD student, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Omirbay A.S. – PhD, Senior Lecturer of the Department of philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

The article examines the influence of network associations of the country's youth on visual culture and values, identifying the possibilities of forming cultural values by turning Internet associations into a means of disseminating cultural events. The globalization of the Internet and the dynamic development of digital online associations of young people are becoming an essential component of the modern cultural space. At the same time, this determines new trends and preferences of young people in the field of spiritual culture. The article, in accordance with the content of the researcher's dissertation, is devoted to determining the possibilities of filling youth leisure in network associations with various cultural events, cultural projects, thereby forming a culture of recreation and cultural values. The main mechanisms of influencing the aesthetic perception of online communities were considered. This became possible thanks to research on social media platforms, video hosting and specialized forums, where issues of art, design, fashion, including innovative types of cultural events, are actively discussed. The article also paid attention to the discussion of the role of such visual materials as photographs, video content, graphics in the formation of cultural values and preferences of the youth audience. Studies have been conducted on the influence of well-known trends and memes on cultural and value guidelines. The article analyzes the possibility of using the online youth community to develop innovative cultural and leisure programs aimed at promoting cultural values, developing the culture and creative abilities of young people and involving them in the cultural life of the country.

Keywords: youth, network community, social networks, visual culture, recreation culture, cultural values, leisure, cultural events.

Қысқашы. Қазіргі ақпараттық технологиялар заманында қоғам өмірінің барлық салаларында орын алып отырған өзгерістер көптеген уақыт күттірмейтін өткір мәселелерді, соның ішінде ерекше әлеу-

меттік-демографиялық топ болып табылатын жастар мәселесін тудырып отыр. Бұл тікелей жастардың бос уақыттарының интернет кеңістігімен байланыумен байланысты. Ал бос уақыт жеке тұлға үшін әлеуметтік процесстерді жүзеге асыруға арналған кеңістік болып табылады және адамның осы саладағы тынығу әрекеттері арқылы мінез-құлық мәдениетін, тұлғалық сапаларын қалыптастыруда, рухани және физикалық дамуын жүзеге асыруда үлкен маңыздылыққа ие [1].

Жастар үшін бос уақыт тек демалыс қана емес, сонымен бірге олардың құндылықтарын, қызығушылықтарын және қоғамдық мінез-құлқын қалыптастырудың маңызды бөлігі болып табылады. Шығармашылық құмарлықтарды, спорттық жетістіктерді жүзеге асыру, оқу немесе достармен қарым-қатынас жасау уақыты. Бос уақыттағы тынығу әрекеттерінің дұрыс ұйымдастырылуы, релаксацияға ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның дамуына, эмоционалдық фонның артуына, дағдылар мен әлеуметтік белсенділікті арттыруға оң ықпал етеді. Бос уақыттың адамның психикалық және физикалық денсаулығына белгілі бір дәрежеде әсер үлкен. Зерттеулер көрсеткендей, адамның бос уақытын белсенді ұйымдастыруы оның уақытты басқару дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

Бүгінгі күні жастардың бос уақытын ұйымдастырудағы ең жарқын өзгерістердің бірі цифрлық технологиялардың кеңінен таралуы болып отыр. Жастардың бос уақытының едәуір бөлігін смартфондар, компьютерлер, әлеуметтік желілер мен бейне ойындар алады. Яғни, қазіргі ақпараттық қоғамда цифрлық өзара әрекеттесулер жастар арасында белсенді қолданылуда. Бір жағынан, технология жастарға әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдармен байланыс орнатуға, ақпарат алмасуға және ойынсауыққа қол жеткізуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан, виртуалды әлемге шамадан тыс тәуелділік оқшаулануға, физикалық белсенділіктің төмендеуіне және психикалық денсаулыққа байланысты проблемаларға әкелуі мүмкін. Өйткені, интернет кеңістігіндегі анонимділік, қолжетімділік, қауіпсіздік, ондағы ақпараттарды пайдаланудың қарапайымдылығы оны пайдаланушылар үшін қолжетімді ете отырып, бір мезгілде оларды шындықтан алшақтатады. Осыған байланысты Интернет кеңістігінің жастардың мәдени құндылықтарының қалыптасуына әсері мәселесі ХХІ ғасырда ерекше өзекті болуда. Әлеуметтік желілердегі, цифрлық платформалардағы және медиа-кеңістіктегі визуалды бейнелер барған сайын мәдениеттің көрінісі ғана емес, сонымен бірге әсіресе жастар арасында мәдени құндылықтарды, тұлғаны және мінез-құлық үлгілерін қалыптастырудың белсенді құралына айналууда. Әлеуметтік желілерде, бейнехостинг сайттарында және мессенджерлерде ұсынылған желілік қауымдастықтар өзара әрекет ортасы ғана емес, сонымен қатар, визуалды және мәдени тәжірибелерді қалыптастыру кеңістігіне айналууда. Ал енді қоғам мүддесі үшін жастардың осы интернет кеңістігін мазмұнды пайдалану дағдыларын қалыптастыру, интернет контенттерді, түрлі әлеуметтік желілерді қол бос уақытты бос өткізу құралы ретінде емес, жастардың мәдени құндылықтарын қалыптастыру, түрлендіру құралына айналдыру мүмкіндіктерін анықтап, оны тәжірибеге ендіру уақыт күттірмейтін мәселелердің бірі дер едік.

ESOMAR стандарттары бойынша Қазақстан мен Орта Азиядағы әлеуметтік және маркетингтік зерттеулерді жүргізуші «BRIF Research Group» зерттеулеріне сәйкес Қазақстан жастары әлеуметтік желілерде күн сайын бірнеше сағат өткізетіні анықталып отыр. Сондай-ақ, Қазақстан жастары арасында кең танымалдылыққа ие әлеуметтік желілер ретінде "Instagram", "ВКонтакте" және "Youtube" анықталған.

Бұл зерттеулер жас қазақстандықтар арасында ең танымал әлеуметтік желі ретінде "ВКонтакте" әлеуметтік желісін (71 %) көрсетті, ол әсіресе 15-18 жас аралығындағы ұрпақ арасында танымал. Одан кейінгі орынды мектеп оқушылары мен студенттердің қызығушылығын арттырып отырған "Instagram" (59%) желісі алады. Ал "Facebook" (10%) Қазақстан жастары арасында аса танымал емес әлеуметтік желі қатарында тұр [2]. Мұның өзі біздің жоғарыда айтқан жастардың бос уақытының басым бөлігін желілік қауымдастықтарда өткізетіндігіне қатысты пікірімізді растайды.

Осыған орай, қазіргі жастардың өмірдің түрлі аспектілерінде, соның ішінде бос уақытына байланысты көптеген мүмкіндіктер мен қиындықтарға тап болады. Технологиялар әлеміндегі, әлеуметтік нормалар мен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің қарқынды өзгеруі жағдайында жастардың бос уақытын ұйымдастыру мәселелері барған сайын өзекті бола түсуде. Жастардың бос уақытын қалай өткізетінін түсіну өмір сүру сапасын жақсарту, жеке тұлғаны дамыту және әлеуметтік бірігу үшін стратегияларды қалыптастыруға көмектеседі.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында көрсетілгендей «Тұтастай алғанда, Интернетті мазмұнды тұтынатын жастар жаңа пікір көшбасшыларының әлеуетті аудиториясын ұсынады, олар оған тартымды идеологияны көрсете алады, жастар арасында беделге ие болады және болып жатқан оқиғаларға өздерінің субъективті бағасын насихаттай алады» [3, 4 б.].

Демек, жастардың желілік қауымдастықтардағы дұрыс ұйымдастырылған бос уақыты олардың мәдени құндылықтары мен тынығу мәдениетін қалыптастырудың басты салаларының біріне айналуы маңызды.

Мақсаты – бос уақыт жағдайында жастардың мәдени құндылықтарын қалыптастыруда желілік қауымдастықтарды пайдалану мүмкіндіктері анықтау.

Анықталған мақсатқа сай келесідей **міндеттер** анықталды:

- жастардың тұлғалық қалыптасуында бос уақыттың маңыздылығын, желілік қауымдастықтардың жастардың мәдени құндылықтарының қалыптасуына ықпалын анықтау;

- жастардың желілік қауымдастықтардағы бос уақытын мәдени іс-шаралармен, жобалармен толықтыру арқылы мәдени құндылықтарын қалыптастырудың жолдарын ұсыну.

Әдістер мен материалдар. Зерттеу жұмысы бойынша алға қойылған мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістер кешені келесідей болды: зерттеу тақырыбы бойынша ақпараттық технологиялар, педагогика, өнертану, мәдениеттану саласындағы әдебиеттерге теориялық шолу, мәдени-тынығу жұмысы саласы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен жастардың мәдени құндылықтарын қалыптастыру бойынша тәжірибесіне талдау, тұжырымдау.

Нәтижелер және талқылау. Жаһандық ақпараттық технологиялар жағдайында жастардың мәдени құндылықтарының өзгеруі мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мәдени құндылықтарды адамгершілік және эстетикалық идеалдар, тіл, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тарихи топонимдер, фольклор, қолданбалы өнер, мәдениет пен өнер туындылары, тарихи-мәдени ескерткіштер мен ғимараттар, мінез-құлық нормалары мен үлгілері, т.б. құрайды [4].

«Мәдени құндылықтар қолда бар тарихи-мәдени маңызы бар ескерткіштер мен мәдениет құбылыстарынан тұрады. Олар материалдық табиғатқа да (бейнелеу өнерінің, сәулеттің, мүсін өнерінің, археология мен қолданбалы өнердің жылжымалы және жылжымайтын ескерткіштері), заттанбаған формада және мәдени қауымдастық құру дәстүрлеріне негізделген материалдық емес табиғатқа да (моральдық және эстетикалық мұраттар, мінез-құлық нормалары мен үлгілері, дәстүрлер, рәсімдер, орындаушылық өнер, мерекелер, коммуникацияның дәстүрлі түрлері, қолөнер, дағдылар, этикалық және эстетикалық көріністер) ие» [5]. Бұл жерде мәдени құндылықтардың тек артефактілер мен өнер ғана емес, сондай-ақ адамның өмір салты, діні мен ділі, дүниетанымы, моральдық нормалары екенін көруге болады.

Мәдени құндылықтар адамзаттың тіршілік әрекетін реттеуді жүзеге асыратын, адам мен қоғам үшін өмірлік маңызы бар қажеттіліктердің, мақсаттардың жүйесі болып табылады. Мәдени құндылықтардың қоғамда атқаратын өзіндік міндеттерінің бірі әлеуметтік-мәдени тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізу, бірегейлікті қалыптастыру және тұтастай алғанда қоғамның ілгері дамуын іске асыру болып табылады. Сондай-ақ оны мәдениеттің не жақсы, не дұрыс екендігі туралы негізгі сенімдер құрайды. Мәдени құндылықтар адамның сеніміне, жалпы құндылығына, мінез-құлқына, тіпті қабылдауы мен есіне, шешім қабылдауына ықпал етеді. Адамның қалыптасқан мәдени құндылықтары негізінде оның дербестігі, өзін-өзі бағалауы, өзінділігі қалыптаса отырып, жеке тұлғаның дамуы жүзеге асады.

Ал енді соңғы жылдардағы жоғары технологиялық ақпараттық ортаның заманауи мәдениетте едәуір үлкен орын алуына орай, ақпараттық өңдеудің, тарату мен сақтаудың, пайдаланудың электрондық құралдарының рөлі мен әсерінің жылдам әрі түбегейлі өзгеруі, ақпараттар ағынының толассыздығы қарама-қайшы әлеуметтік-мәдени өзгерістерге әкеліп отыр. Өмірдің технологиялық саласы ғана емес, онымен бірге әлеуметтік және мәдени саласы да тікелей әрі жанама түрле үлкен өзгерістерге ұшырап отыр, бұл әрине өз кезегінде адамның дүниетанымы мен санасына, оның құндылықты бағдарларына әсер етеді.

Интернеттің қоғам мен адам өміріне етене енуімен бірге пайда болған ұғымдардың бірі – «интернет тәуелділік». Бұл ұғымды алғаш рет айналымға енгізген нью-йорктік психиатр И.Голдберг деп танылады. Демек, бұл ұғым ішімдікке тәуелділік немесе есірткіге тәуелділік сияқты медициналық ұғым емес, «интернетке тәуелділік» ең алдымен адамның өзін-өзі бақылау қабілетін төмендетеді, мұның салдары әрине, адамды қалыпты емес өмір салтына алып келеді. Яғни, интернетке тәуелділік туралы сөз қозғағанда оның физикалық тәуелділікпен еш байланысы жоқ екенімен қоса, психологиялық құраушының өте жарқын көрініс табатыны айта кету керек. Ал психологиялық тәуелділіктен «емделу» әлдеқайда қиын. Өйткені, бала болсын, жасөспірім болсын, жастар болсын қандай да бір тыйымдарға қарамастан, қалай болғанда да интернетке деген қажеттілігін өтеу үшін өтірік сөйлеу, жалтару, екіжүзділік, т.б. сияқты алғашқы теріс әрекеттерге барады.

Жаһандану жағдайында Интернет әлемдік ақпараттық жүйе ретінде біздің өмірімізге жаңа мәдениетті алып келді. Интернет пен желілік қауымдастықтар (әлеуметтік желілер) қарым-қатынас жасау, пікір алмасу және ақпарат алмасу құралы болуымен қатар соңғы уақыттарда ақпараттық басқару нысаны мен құралына және ақпараттық қайшылықтар сахнасына айналып отырғанын ғалымдар өз еңбектерінде жиі айтуда [6].

Соңғы уақыттардағы әлеуметтанымдық зерттеулерде желілік коммуникация, желілік қауымдастықтар сияқты феноменге ерекше назар аударылып отырғанын байқауға болады. Бұл құбылыстарды ғылымның түрлі салалары, әлеуметтану, кибернетика, саясаттану, философия, психология, педагогика және мәдениеттану өз зерттеу қызығушылықтары тұрғысынан қарастырады. Мұндай қызығушылықтың артуын заманауи қоғамның жаһандық трансформациялануы жағдайында желілік коммуникацияның адамның тіршілік әрекетінің барлық салаларына етене енуімен байланысты туындап отырғаны сөзсіз. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, қазіргі күні адамдардың, әсіресе жастардың басым бөлігі желілік қауымдастықтарда жоғары әлеуметтік белсенділікке ие болып отыр.

Соңғы жылдары салыстырмалы түрде аз ғана уақыттың ішінде пайда болған жаңа әлеуметтік шындықтың өзіндік ерекшеліктері интернет кеңістігін, оның негізгі бағыттарын, соның ішінде белгілі бір аумақта шоғырланған ірі желілік қауымдастықтарды сипаттайды. Егер бұрынырақта интернет түрлі ақпаратты беру құралы болатын болса, қазіргі күні ол адамдардың ерекше әлеуметтік-мәдени қағида-

лармен топқа біріктіре алатын әлеуметтік технологияға айналып отыр. Бұл бүгінде қызығушылықтары мен әуестіктері негізінде біріккен адамдардың ерекше желілік қауымдастықтарының пайда болуына әкелді. Демек, егер адам виртуалды кеңістікте ұзақ уақыт бойына отыратын болса, онда белгілі бір уақыт өткен соң бұл оның өмір салтына айналады да, адам қалай болғанда да қандай да бір желілік қауымдастықтың мүшесіне айналады. Интернет барлық адамдарға бірдей ашық, ол жерде қандай да бір кедергі немесе шекара жоқ. Мұның бәрі түрлі желілік қауымдастықтардың пайда болуына алғы-шарттар болып табылады.

Белгілі бір білімі мен ортақ мүдделері бар, ортақ мақсаттарымен бөлісетін, ресми және ресми емес саясатты басшылыққа ала отырып, мақсатты түрде өзара әрекеттесетін адамдар тобы – онлайн қауымдастықтар болып табылады [7]. Ал интернеттегі бақылау мүмкін емес ақпараттық-коммуникациялық мінез-құлықтың әлеуметтік нәтижесі осы желілік қауымдастық мүшелерінің манипуляция нысанына айналуын, құндылықты бағдарларының бұзылуын, жауапсыздықтың, жеке тұлғаның деградациясының орын алуы болып табылады.

Терроризм, соғыс, өзіне өзі қол жұмсауға итермелеу, яғни суицид, есірткі, сияқты тақырыптар әлеуметтік желілерде ашық таралмауы керек, тіпті олардың таралуына тыйым салынуы керек деп есептейді кейбір қоғам қайраткерлері.

Басов Н., Нуй В. және Ненко А.С. көрсетуінше, онлайн қауымдастықтар мәдени мағыналар мен құндылықтарды тек қарым-қатынас арқылы ғана емес, сонымен қатар көрнекі семиотикалық байланыстар арқылы да қалыптастырады [8]. Бұл цифрлық медиа арқылы кеңінен таралатын көрнекі үрдістер мен белгілерді талдау кезінде өте маңызды.

Қазақстандық контекстке қызықты көзқарас Н.Мингишеваның Scopus деректер қорында индекс-телген «Қазақстандағы жаһандану және жастар мәдениеті» [9] зерттеуінде берілген. Онда автор жаһанданған цифрлық визуалды тәжірибелердің (мысалы, сән блогтары, музыкалық бейнелер, TikTok және Instagram-дағы визуалды трендтер) мәдени сәйкестендірудің жергілікті формаларымен диалогқа қалай енетінін және оларды қалай өзгертетінін талдайды. Мақалада қазақстандық жастар арасындағы мәдениетаралық гибридтелу туралы түсінік береді.

Ілиясова Б.А., Жусупова А.М. осы мәселе төңірегіндегі зерттеулерінде әлеуметтік желілердің көрнекі элементтері (инфографика, эмодзилер, сүзгілер және визуалды эффектілер) өскелең ұрпақтың тұрақты үлгілерді қалыптастырып, олардың мәдени көзқарастары мен мінез-құлық нормаларының қалыптасуына әсер ететінін атап көрсетеді [10, 46-54 бб.].

Осылайша, отандық және шетелдік зерттеулерге шолу жастардың онлайн қауымдастықтарының көрнекі мәдениет пен құндылық бағдарларын қалыптастыруда барған сайын маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Цифрлық ортада қалыптасқан визуалды бейнелер тек мәдени бейімділіктердің көрінісі ғана емес, сонымен қатар жаңа нормаларды, талғамдар мен сәйкестіктерді қалыптастырудың белсенді құралына айналуға бұл үдерістер жан-жақты талдауды және Қазақстан Республикасындағы мәдени-тынығу жұмысының тәжірибесіне, әсіресе тез өзгертін медиа-ортаның жағдайында интеграциялауды талап етеді.

Цифрлық дәуірдегі қазақстандық жастардың рухани мәдениетінің ерекшеліктері оның мәнмәтінін жасау және тұтыну үшін цифрлық технологияларды, әсіресе бос уақыт жағдайында белсенді қолдануында. Жастар әлеуметтік желілерге белсенді түрде қатыса отырып, фотосуреттермен, бейнелермен және мемдармен бөліседі, бұл қабылдауға және визуальды стереотиптердің қалыптасуына әсер етеді. Бұл буын кескіндерді өңдеу, графика мен бейнелерді жасау үшін мобильді қосымшаларды белсенді пайдаланады [11].

Жоғарыда айтып өткеніміздей жастардың бос уақытындағы интернет пен желілік қауымдастықтардағы шұғылданымпаздылықтары олардың мәдени құндылықтарының түрлі ықпалдар нәтижесінде өзгерістерге ұшырауына әкеліп отыр. Қазіргі күні қоғам алдындағы басты міндеттердің бірі жастардың Интернет кеңістігіндегі уақытын олардың рухани-мәдени дамуының көзіне айналдыру болуы тиіс. Өйткені, адамзат өркениетінің дамуын интернетсіз елестету енді мүмкін емес, ол біздің өмірімізге етене еніп алды. Бұл жағдайда не істеу керек? Әрине, интернетте жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру, сол арқылы өскелең ұрпақтың мәдени құндылықтарына өзгерістер енгізу.

Бос уақытты толтыратын негізгі әрекеттер тынығу әрекеттері дейтін болсақ, дәстүрлі тынығу әрекеттерін онлайн кеңістікке аударудың жаңа мүмкіндіктерін қарастыру өте маңызды.

Адамның психологиялық және физиологиялық денсаулығына тікелей ықпал ететін маңызы зор факторлардың бірі ретінде бос уақыттағы кең тараған дәстүрлі тынығу әрекеттері – кітап оқу, достармен кездесу, спорт, қолөнер сияқты сүйікті іспен айналысу бұл күнде онлайн кеңістікпен тығыз байланыста. Аталған бағытта ақпараттық мәліметтер мен ғылыми зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Алайда заман талабына орай түрлі мүмкіндіктерді жүзеге асыруға болады: әлеуметтік қарым-қатынас пен серіктестікке негізделген виртуальды әлеуметтік әрекеттер мүмкіндіктерін пайдаланып, физикалық бару мүмкіндігі болмаса да, танымдық демалыс ретінде ұсынуға болатын онлайн іс-шаралар. Соның ішінде онлайн мәдени шараларды дамыту цифрлық қоғамдағы маңызды бағыт. Бұл тек қолжетімділікті арттыру мен интерактивтілікті дамытып қана қоймай, жаңашыл аудиторияға жол ашып, дәстүрлі мәдени-тынығу әрекеттерін сақтауға мүмкіндік береді. Виртуальды концерттер, онлайн фестивальдер мен байқаулар, онлайн поэзия кештері, онлайн этнофестивальдер, қазақ халқының өте бай мәдени мұра-

ларын танытатын жобаларды жүзеге асыруды қолға алу сияқты жұмыстар уақыт күттірмейді. Цифрлық кеңістікте қазақ және әлем мәдениетін біріктіретін түрлі онлайн мәдени шараларды өткізуге арналған платформа жобасын үлгісін ұсыну да маңызды.

Мәдени шараларды ұйымдастыру құралдары ретінде онлайн платформаларды қарастырайық. ВКонтакте, Instagram және Facebook сияқты әлеуметтік желілер, сондай-ақ, Discord сияқты платформалар мен мамандандырылған форумдар мәдени жобаларды нақты жүзеге асырумен қатар талқылау алаңына айналуға мүмкін. Мысалы, жастар виртуалды ортада толығымен немесе ішінара ұйымдастырылуы мүмкін онлайн-көрмелер, музыкалық фестивальдар, өнер жобалары және басқа да мәдени іс-шараларды жасап қана қоймай, оларға белсенді түрде қатысуда. Онлайн-платформалар қатысушылардың географиялық орналасуына қарамастан кең аудиторияға қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға және насихаттауға мүмкіндік береді [13].

Мысалы, Қазақстанда жастар онлайн-концерттер, шеберлік сабақтарын ұйымдастырып, оларға қатысатын, сондай-ақ, тез арада интернетте тарайтын бейнелер мен музыкалық шығармалар жасайтын түрлі музыкалық қауымдастықтар бар.

Жаңа интернет-технологияларды жылдам дамыту және кеңінен пайдалану ғаламда орын алып жатқан саяси өзгерістерге байланысты Қазақстанның ақпараттық кеңістігінің проблемалары ашылатын елеулі өзгерістерге әкеледі.

Жұмыстың тағы бір бағыты – қазақ мәдениетінің дәстүрлі элементтерін заманауи цифрлық ақпаратына біріктіру. Жастар ұлттық рәміздер мен дәстүрлерді бейімдеп, олардың цифрлық пішінінде жаңа визуалды түсіндірмелерін жасауда. Сонымен бірге, ол батыс пен шығыс бейнелеу мәдениетінің синтезін жасайтын әлемдік үрдістердің бір бөлігі болуға ұмтылады.

Осылайша, қазақстандық жастардың визуальды мәдениеті ұтқырлыққа, жылдам ақпарат алмасуға және шығармашылыққа баса назар аудара отырып, дәстүрлі және заманауи элементтерді араластыра отырып, гибридке айналуға.

Жастарға арналған желілік-қауымдастық – бұл адамдар байланыса алатын, идеялармен бөлісетін және іс-шаралар ұйымдастыратын онлайн топтар мен платформалар. Бұл қауымдастықтар жастарға музыка, өнер, спорт немесе волонтерлік жұмыс болсын, қызығушылықтарын байланыстыруға көмектеседі.

Әлеуметтік желілер, форумдар, блогтар және мессенджерлер сияқты платформалар арқылы жастар пікірлес адамдарды тауып қана қоймай, сонымен қатар, жобалар, науқандар, мәдени іс-шаралар жасай алады немесе бұрыннан барларға қатыса алады. Бұл оларға өзін-өзі оңай ұйымдастыруға, тәжірибе мен идеялармен бөлісуге және мәдени бастамаларды алға жылжытуға мүмкіндік береді.

Осылайша, желілік-қауымдастықтар мәдени белсенділіктің маңызды құралына айналып, жастарға мобильді, шығармашылық және әртүрлі үдерістеріне қатысуға көмектеседі [9].

Instagram, TikTok және YouTube сияқты әлеуметтік желілер қазақстандық жастардың визуальды талғамын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады әрі олардың жағымды тұстарын айту маңызды. Бұл платформалар сән, өнер, дизайн және фотосуреттегі трендтерді насихаттайды. Мысалы, Instagram тартымды суреттер мен арт жобаларды жасауға ықпал етеді, TikTok креативті бейнелер мен стильді шешімдерді танымал етеді, ал YouTube дизайн және бейне-өндірісі саласындағы жастар үшін шабыт көзіне айналады.

Қазақстандағы визуальды мәдениет әртүрлі мәдениеттер мен әлеуметтік топтардың өкілдерін біріктіру үшін суреттерді, бейнелерді және басқа да көрнекі нысандарды пайдалана отырып, жастар арасында инклюзивті және мәдениетаралық диалог үшін кеңістік құруға көмектеседі. Жастар өз ойларын білдіріп, тәжірибелерімен бөлісу үшін фото, графика және мультимедианы белсенді пайдаланады.

Жаһандану мен цифрлық технологиялар жағдайында қазақстандық жастардың визуальды мәдениетінің айтарлықтай өзгерістерге ұшырауына орай, цифрлық орта жастарға заманауи үрдістерді белсенді түрде алуға және бейімдеуге, жаңа мәдени бірегейліктерді құруға мүмкіндік береді. Жаһандану жергілікті және халықаралық беталыстар арасындағы шекараларды бұлдыратуда, ал цифрлық платформалар сұлулықты, сән мен стильді қабылдауға әсер ететін көзқарымды бейнелер алмасуды жеделдетуде.

Визуальды мәдениет түрлері арқылы мәдени әртүрлілікті, дәстүрлерді құрметтеуді көрсетуге және маңызды тақырыптарды талқылауға кеңістік құруға болады [12]. Мысалы, бұл виртуалды көрмелер, әлеуметтік жобалар немесе әртүрлі этникалық топтардың жастары бірнеше көзқараспен алмаса алатын онлайн платформалар болуы мүмкін. Осылайша, бейнелеу мәдениеті Қазақстандағы әртүрлі топтар арасындағы жақсы түсіністік пен ынтымақтастыққа ықпал ете отырып, олардың өнер түрлері арқылы мәдени құндылықтарының сапасының өзгеруіне ықпал етеді.

Қазақстандағы мәдени-тынығу мекемелерінің тәрбие жұмысында фото, бейне және графика сияқты көрнекі мазмұнның әлеуеті зор. Бұл адамдардың әртүрлі топтарына, әсіресе жастарға назар аударуға және ақпаратты қолжетімді және қызықты етуге көмектеседі.

Визуальды материалдарды пайдалана отырып, мәдениет, адамгершілік және әлеуметтік жауапкершілік туралы маңызды идеяларды тиімді жеткізуге болады. Мысалы, бейнелерді, плакаттарды немесе интерактивті көрмелерді адамдарды тарихпен, дәстүрлермен таныстыру және инклюзивтілік пен айырмашылықтарды құрметтеу идеяларын ілгерілету үшін пайдалануға болады.

Осы жерде біз «интернет эстетикасы» феноменімен бетпе-бет келеміз. Интернет эстетикасы – бұл жастар арасындағы жаңа мәдени тілдің негізіне айналған цифрлық әсерлерінің, мемдердің, ретро және заманауи үрдістердің бірегей үйлесімі. Интернет эстетикасы жаңа мәдени кодтардың қалыптасуына әсер етеді, онда қазақ мәдениетінің дәстүрлі элементтері цифрлық технологиялар мәнмәтінінде түсіндірілуі мүмкін, жаһандық үрдістер мен жергілікті бірегейлікті көрсететін аралас түрлерін жасайды.

Тақырыптық әлеуметтік медиа топтары, форумдар және мамандандырылған веб-сайттар сияқты онлайн-платформалар мәдени іс-шараларды ұйымдастырудың және ортақ мүдделері бар адамдарды біріктірудің маңызды құралына айнала алады. Қазақстанда жастар өнер, би, музыка және мәдени қызметтің басқа түрлері сияқты әртүрлі салаларда өзін-өзі ұйымдастыру үшін осы ресурстарды белсенді пайдалану мүмкіндігіне ие.

Желідегі қауымдастықтардың ортақ мүдделері бар адамдар арасында қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу үшін кеңістіктер құрудағы артықшылықтары олардың дәстүрлі мәдениет мекемелеріне немесе физикалық қауымдастықтарға қол жеткізе алмайтын жастар үшін де маңыздылығын арттырады. Әлеуметтік желілер мен форумдарда жастар би, музыка, әдебиет, бейнелеу өнері және мәдени қызметтің басқа да түрлері бойынша тәжірибе, идеялар және жобалармен алмасады.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының мәдениет мекемелерінің жұмысына желілік ортада белсенді түрде таралатын көрнекі үрдістерді біріктіру олардың қызметінің маңызды бөлігіне айналды. Әлеуметтік желілер мен цифрлық платформалар арқылы танымал көзкөрімді мәдениет жастардың эстетикалық қалауы мен қажеттіліктеріне әсер етеді. Мәдениет мекемелері интерактивті және қызықты іс-шараларды құру үшін жаңа мультимедиялық технологиялар мен цифрлық құралдарды пайдалана отырып, жастарды мәдени іс-шараларға тарту үшін осы үрдістерді бейімдеу бойынша жұмыстар кеңінен жүргізілуі тиіс.

Еліміздің мәдени орталықтарында, әсіресе ірі қалаларда жастарға бағытталған іс-шараларды құру үшін мультимедиялық технологиялар белсенді түрде енгізілуде. Мұндай іс-шараларға интерактивті көрмелер, цифрлық орнатымдары, сондай-ақ, бейне проекциялар мен дыбыс қондырғылары жатады. Мәдениет мекемелері, соның ішінде, театрлар, концерттік залдар мен мәдени орталықтар онлайн ортада танымал бейнеблогтар, деректі фильмдер және тікелей көрсету сияқты пішімдерді пайдалану арқылы онлайн-мәдени үрдістерді біріктіре алады.

Мысалы, Қазақстанда мәдениет орталығы ғимарат қабырғасында мультимедиялық орнатымдары мен бейне проекцияларды пайдалана отырып, көше өнері мәдениетіне арналған іс-шаралар кешенін ұйымдастыра алады. Бұл әлеуметтік желілерде белсенді дамып жатқан беталыстарына сәйкес болады және граффитиге, көше өнеріне және көше мәдениетіне қызығушылық танытатын жастарды тартады.

Мысалы, Алматы немесе Астанада дәстүрлі өтетін көше өнері фестивалі аясында шеберлік сабақтары, суретшілермен сұхбаттар, сән көрсетілімі көрсетілетін цифрлық платформа құруға мүмкіндік орасан. Ретро-футуризм, глич-арт немесе киберпанк сияқты көзкөрімді трендтерді сахнаны орнату және жастар үшін өзекті және тартымды бейнелер жасау үшін пайдалануға болады.

Жастарды мәдени іс-шараларға тарту үшін мәдениет мекемелері интернет-қауымдастықтар арасында танымал минимализм, поп-арт немесе ретро стильдер сияқты көзкөрімді трендтерді пайдалана алады. Бұл беталыстарды жарнамалық науқандарға, іс-шара мен көрме дизайнына, мәдени орталықтардың жұмысына біріктіруге болады. Мысалы, жарнамалық материалдарда жарқын, көз тартатын графикалық элементтерді пайдалану, сондай-ақ, әлеуметтік желілерде танымал көзкөрімді стильдерді енгізу жас аудитория үшін көрнекі қызықты және тартымды оқиғаларды жасауға көмектеседі.

Мысалы, мәдени фестиваль аясында көзкөрімді ақпаратты тез қабылдауға дағдыланған жастардың назарын аударатын танымал интернет-мемдер стилінде немесе TikTok-тан заманауи трендтерде көзкөрімді плакаттар мен жарнамалық материалдарды жасауға болады.

Осылайша, онлайн-ортаның көрнекі үрдістерін Қазақстандағы мәдениет мекемелерінің жұмысына біріктіру жастарды, сондай-ақ әсерсе, мүмкіндігі шектеулі тартуға жаңа мүмкіндіктер береді. Мультимедиялық технологияларды, цифрлық платформаларды және интернет мәдениетінің элементтерін пайдалану өскелең ұрпақ үшін қызықты және өзекті болатын неғұрлым қолжетімді, қызықты және серпінді мәдени ортаны құруға көмектеседі.

Бейнелеу мәдениеті әсіресе Қазақстан сияқты көпұлтты елдерде жастар арасында мәдениетаралық сұхбат алаңдарын құруда маңызды рөл атқарады. Фотосурет, бейнемәнімені және өнер нысандары сияқты медианың мәдени кедергілерді еңсеру, әлеуметтік келісімді нығайту және әртүрлі этникалық топтар арасында өзара түсіністік орнату үшін қуатты әлеуеті бар.

Көзкөрімді ақпарат құралдары мәдени кедергілерді жою және әлеуметтік келісімді нығайту үшін қуатты құрал бола алады. Фотосуреттер, бейнемәнімені, өнер нысандары және тіпті көше өнері айырмашылықтарды қабылдау мен түсінуді жақсартуға көмектесетін мәдени және әлеуметтік хабарларды таратудың құралы бола алады.

Мәселен, «Қазақстан жастар көзімен» жобасында түрлі этнос өкілдері өздерінің тұрмыс-тіршілігін, мерекелерін, аспаздық дәстүрлерін, ұлттық киімдері мен әдет-ғұрыптарын көрсететін фотосуреттер немесе шағын бейнероликтер арқылы өздерінің ұлттық мұраларымен таныстыра алады. Мұндай көзкөрімді материалдарды басқа жастарға басқа мәдениеттер туралы көбірек білуге және мәдениетаралық түсіністікті нығайтуға көмектесу үшін онлайн платформаларда көрсетуге болады. Немесе тағы

бір мысал ретінде әр мәдениеттің ерекшелігін және олардың Қазақстанның жалпы мәдени ландшафтына қосқан үлесін көрсететін әртүрлі этнос өкілдерінің қатысуымен фрескалар, көше орнатымдары немесе қоғамдық орындардағы көрмелер сияқты бейнелеу өнері нысандарын жасауға болады. Бұл мәдени әртүрлілік кедергі емес, байлық ретінде қабылданатын қоғамдық кеңістікті құруға көмектеседі.

Жастардағы жағымды құндылықтарды қалыптастыру үшін визуальды мазмұнды пайдалану клубтар, мәдени орталықтар, мұражайлар мен театрлар сияқты мәдени-тынығу мекемелерінің білім беру бағдарламаларына жастарда тұрақты жағымды құндылықтарды қалыптастыру үшін визуальды құралдарды кеңінен ендіру арқылы жолға қойыла алады. Бейнелер, фотосуреттер, инфографика және цифрлық көрмелер сияқты көрнекі материалдар мәдениетті, қоршаған ортаны, адам құқықтарын және әлеуметтік әділеттілікті құрметтеуге қатысты маңызды хабарламалар мен сенімдерді жеткізе алады.

Мәдени-тынығу мекемелерінде тұрақты экологиялық тәжірибені насихаттауға бағытталған көрнекі материалдар негізінде науқандар ұйымдастырылуы мүмкін. Табысты экологиялық жобалардың мысалдары немесе экологиялық фотосуреттер көрмелері бар бейнелер жастарды қоршаған ортаны қорғаудың маңыздылығын түсінуге және климаттың өзгеруі мәселелеріне назар аударуға ынталандырады.

Мәдениет мекемелері виртуальды көрмелер, онлайн-концерттер және шеберлік сабақтары сияқты трендтерді жүзеге асырумен қатар, көзкөрімді әсерлер мен анимацияларды белсендірек пайдалану үшін анағұрлым жанды және тартымды мазмұнды пайдалана алады. Бұл жастарды тартуға, мәдениетпен өзара әрекеттесудің жаңа пішінін құруға және оны интернет арқылы қолжетімді етуге көмектеседі. Мысалы, мәдени іс-шаралар мен көрмелер жас аудиторияның назарын аудару үшін дизайн мен өнердегі заманауи көзкөрімді үрдістерді пайдалана алады. Мультимедиялық технологияларды және бейнемәтінін пайдаланатын орнатымдары жастардың эстетикалық қабылдауын дамытуға, сондай-ақ, қатысым мен топта жұмыс істеу дағдыларын жақсартуға көмектесетін талқылау тақырыбына айналуы мүмкін.

Немесе, жастар мәдени әртүрліліктің маңыздылығы немесе әлеуметтік жауапкершілік тақырыбы бойынша көрнекі жобалар жасайтын байқау көрмелер немесе бейне мәнмәтін фестивальдерін ұйымдастыру арқылы өнер мен білім элементтерін біріктіре алады, шығармашылық пен жастардың әлеуметтік белсенділігін арттырады.

Қазақстанда және әлемнің басқа елдерінде оқу-тәрбие жұмысында визуальды мазмұнды пайдаланудың сәтті тәжірибелері бар. Мысалы, мәдени орталықтар мен мұражайларда жастарға өзекті әлеуметтік және мәдени мәселелерді көрсететін бейне, фотожобалар немесе орнатымдар жасауға мүмкіндік беретін іс-шаралар ұйымдастырылуы мүмкін.

Бағдарламаларда заманауи беталыстарды пайдалану мәдени хабардарлықты арттыруға көмектесіп қана қоймай, сыни қабылдауды, этикалық стандарттарды және әлеуметтік дағдыларды дамытатынын атап өткен жөн. Мәселен, Алматыдағы мәдени орталықтардың бірінде көрме өтіп, оның аясында жастар өздерінің әлеуметтік мәселелерге көзқарасын бейнелеу өнері арқылы көрсететін туындыларын ұсынды. Бұл жастарға өз ойларын білдіріп қана қоймай, маңызды мәселелерді талқылау үшін басқа қатысушылармен де араласуға көмектесті.

Онлайн қауымдастықтар қазақстандық жастардың мәдени өзін-өзі тануы мен өзін-өзі ұйымдастыруын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар мәдени ерекшеліктерді көрсетуге, жаһандық мәнмәтінінде жергілікті бірегейлікті қалыптастыруға және таратуға мүмкіндік береді.

Мысалы, Қазақстанда қазақ тіліне, мәдениетіне, салт-дәстүріне арналған онлайн топтар көп. Бұл қауымдастықтар жастарға өздерінің мәдени ерекшеліктерін нығайтуға және өз елінің дәстүрлері мен тарихын білуге көмектеседі. Бұл әсіресе үлкен қалаларда немесе шетелде тұратын жастар үшін маңызды, олар өздерінің төл мәдениетімен байланысын сақтай алады.

Желілік қауымдастықтар мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға қабілетті көшбасшылар мен белсенді қатысушыларды көбінесе ең аз шығынмен дамытуға көмектеседі. Мысалы, Қазақстанда жастар волонтерлік жобалар, музыка және би фестивальдері, өнер мен мәдениеттің түрлі аспектілері бойынша онлайн курстар мен шеберлік сабақтары сияқты әлеуметтік және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру үшін платформаларды белсенді пайдалана алады.

Осылайша, онлайн-қауымдастықтар қазақстандық жастардың мәдени өмірінде маңызды рөл атқарады, оларды өзін-өзі ұйымдастыру және мәдени іс-шараларды құру құралдарымен қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар, жаһандану жағдайында мәдени өзін-өзі сәйкестендіруді нығайтуға және дәстүрлерді сақтауға үлес қосады.

Сонымен, визуальды мазмұн да мәдени-тынығу мекемелеріндегі қуатты тәрбие құралы болып табылады, жастардың бойында жағымды құндылықтарды қалыптастыруда, мәдени сананы, сыни ойлауды және азаматтық жауапкершілікті дамытуда маңызды рөл атқарады.

Қорытынды. Еліміздегі жастардың интернет-қауымдастықтары олардың визуальды мәдениетін, сол арқылы мәдени құндылықтарын және қалыптасқан құндылықтарды өзгертудің маңызды ықпалына айналуға. Олардың мәдени-тынығу жұмысына әсері аудиториямен өзара әрекеттесу пішіндерін жаңарту қажеттілігінен көрінеді. Визуальды мәнмәтінді пайдалану және жастардың цифрлық мәдени жобаларды құруға қатысуы шығармашылық және инклюзивті мәдени кеңістікті дамытудың жаңа келешегін ашады.

Зерттеу нәтижелері желілік кеңістікте қалыптасқан бейнелеу мәдениеті, интернет эстетикасы жастардың өзін-өзі анықтауының маңызды факторына айналып, олардың талғамына, мәдени құндылықтары мен мәдени өмірге қатысу формаларына әсер етуде деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Онлайн жастар қауымдастығы альтернативті эстетикалық және мәдени нормаларды белсенді түрде таратады, бұл өз кезегінде мәдени-тынығу іс-шараларының мазмұнын, олардың көрнекі дизайнын, ақпаратты, платформалар мен қолданылатын форматтарды ұсынуды қайта қарауды талап етеді. Зерттеу нәтижесінде жастар аудиториясын қызықтыра алатын цифрлық көрнекі формаларды, мультимедиялық форматтарды, интерактивті тәжірибелерді және көрнекі бай мазмұнды енгізуді қоса алғанда, мәдени-тынығу бағдарламаларын жаңғырту бойынша нақты ұсыныстар ұсынылды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Соломенникова В.С. Социальный проект на тему организации культурно-досуговой деятельности как средства успешной социализации в условиях школы [Электронный ресурс]. – URL: <https://infourok.ru/socialniy-proekt-organizaciya-kulturnodosugovoy-deyatelnosti-kak-sredstvo-uspeshnoy-socializacii-v-usloviyah-shkoli-429581.html> (дата обращения: 25.11.2025).
- 2 Русланқызы Д. Ресейлік "Вконтакте" қазақстандық жастардың арасындағы ең танымал желі болып шықты [Электронды ресурс]. – URL: <https://stan.kz/reseylik-vkontakte-kazakstandik-zhastardin-arasindagi-e-376152/> (жүгінген күні: 13.01.2026).
- 3 Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысы [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000247> (жүгінген күні: 13.01.2026).
- 4 Нешатаева В.О. Культурные ценности: цена и право [Текст] / В.О. Нешатаева. – М.: Дом высшей школы экономики, 2013. – 118 с.
- 5 Глаголев М.В. Культурные ценности в современном информационном пространстве: культурологический аспект [Электронный ресурс]. – URL: www.ifapcom.ru/files/Monitoring/glagolev_kult_cenn_sovr_inf.pdf (дата обращения: 25.09.2025).
- 6 Губанов Д.А., Новиков Д.А., Чхартишвили А.Г. Социальные сети: модели информационного влияния, управления и противоборства [Текст] / Д.А. Губанов, Д.А. Новиков, А.Г. Чхартишвили. – М., 2010. – 228 с.
- 7 Tanja J., Timo G., Bernad B. Personality traits and knowledge sharing in online communities [Text] / J. Tanja, G. Timo, B. Bernad // Computers in Human Behavior. – 2013. – Vol. 29, iss. 1. – P. 210-216. DOI: 10.1016/j.chb.2012.08.007.
- 8 Basov N., Lee J.S., Antoniuk A. Social networks and construction of culture: a socio-semantic analysis of art groups [Text] / N. Basov, J.S. Lee, A. Antoniuk // Complex Networks & Their Applications V. – 2016. – Vol. 693. – P. 785-796. https://doi.org/10.1007/978-3-319-50901-3_62.
- 9 Mingisheva N. Globalization and youth culture in Kazakhstan: Postcolonial and gender aspects [Text] / N. Mingisheva // International journal of global ideas. – 2013. – Vol. 1. – P. 83-109.
- 10 Ильясова Б.А., Жусупова А.М. Жасөспірімдердің рухани дамуына әлеуметтік желілердің ықпалы [Мәтін] / Б.А. Ильясова, А.М. Жусупова // әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2021. – Т. 62, №4. – Б. 46-54. <https://doi.org/10.26577/HJ.2021.v62.i4.05>.
- 11 Айтымбетов Н.И., Набиева Л.И. Цифрландыру жағдайында қазақсандық жастардың саяси белсенділігінің қалыптасуы [Мәтін] / Н.И. Айтымбетов, Л.И. Набиева // Аль-Фараби. – 2023. – №81(1). – Б. 158-169. <https://doi.org/10.48010/2023.1/1999-5911.13>.
- 12 Бондарчук А.И. Адаптация межкультурных визуальных коммуникаций [Текст] / А.И. Бондарчук // Молодой ученый. – 2024. – № 3 (62). – С. 1072-1074.
- 13 Гарипова Г.Р., Каюмов А.А. Особенности организации онлайн-мероприятий в области культуры [Текст] / Г.Р. Гарипова, А.А.Каюмов // Национальная ассоциация ученых. – 2021. – Т. 4, №73. – С. 13-15. <https://doi.org/10.31618/nas.2413-5291.2021.4.73.511>.

REFERENCES:

- 1 Solomennikova V.S. Social'ny'j projekt na temu organizacii kul'turno-dosugovoj deyatel'nosti kak sredstva uspeshnoj socializacii v usloviyah shkoly' [A social project on the organization of cultural and leisure activities as a means of successful socialization in a school setting]. Available at: <https://infourok.ru/socialniy-proekt-organizaciya-kulturnodosugovoy-deyatelnosti-kak-sredstvo-uspeshnoy-socializacii-v-usloviyah-shkoli-429581.html> (accessed 25 November 2025). (In Russian)
- 2 Ruslankyzy D. Reseylik "Vkontakte" kazakstandyk zhastardyn arasyndagy en tanymal zheli bolyp shykty [Russian "VKontakte" turned out to be the most popular network among Kazakhstani youth]. Available at: <https://stan.kz/reseylik-vkontakte-kazakstandik-zhastardin-arasindagi-e-376152/> (accessed 13 January 2026). (In Kazakh)

3 **Kazakstan Respublikasy memlekettik zhastar sayasatynyn 2023-2029 zhyldarga arналған tuzhyrymdamasyn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetinyn 2023 zhylygy 28 nauryzdagy № 247 kaulysy** [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023 No. 247 on approval of the concept of state youth policy of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000247> (accessed 13 January 2026). (In Kazakh)

4 **Neshataeva V.O. Kul'turny'e cennosti: cena i pravo** [Cultural values: price and right]. Moscow, Dom vy'sshej shkoly' e'konomiki, 2013, 118 p. (In Russian)

5 **Glagolev M.V. Kul'turny'e cennosti v sovremennom informacionnom prostranstve: kul'turologicheskiy aspekt** [Cultural values in the modern information space: cultural aspect]. Available at: www.ifapcom.ru/files/Monitoring/glagolev_kult_cenn_sovr_inf.pdf (accessed 25 September 2025). (In Russian)

6 **Gubanov D.A., Novikov D.A., Chkhartishvili A.G. Social'ny'e seti: modeli informacionnogo vliyaniya, upravleniya i protivoborstva** [Social networks: models of information influence, management and confrontation]. Moscow, 2010, 228 p. (In Russian)

7 **Tanja J., Timo G., Bernad B. Personality traits and knowledge sharing in online communities. Computers in Human Behavior**, 2013, vol. 29, iss. 1, pp. 210-216. DOI: 10.1016/j.chb.2012.08.007.

8 **Basov N., Lee J.S., Antoniuk A. Social networks and construction of culture: a socio-semantic analysis of art groups. Complex Networks & Their Applications V**, 2016, vol. 693, pp. 785-796. https://doi.org/10.1007/978-3-319-50901-3_62.

9 **Mingisheva N. Globalization and youth culture in Kazakhstan: Postcolonial and gender aspects. International journal of global ideas**, 2013, vol. 1, pp. 83-109.

10 **Il'yasova B.A., Zhusupova A.M. Zhasospirimderdin ruhani damuyna aleumettik zhelilerdin ykpaly** [The influence of social networks on the spiritual development of adolescents]. *al-Farabi atyndagy Kazak Ulttyk universitetinin habarshysy. Zhurnalstika seriyasy*, 2021, vol. 62, no. 4, pp. 46-54. <https://doi.org/10.26577/HJ.2021.v62.i4.05>. (In Kazakh)

11 **Ajtymbetov N.I., Nabieva L.I. Cifrandyru zhagdajynda kazaksandyk zhastardyn sayasi belsendiliginin kalyptasuy** [Formation of political activity of Kazakh youth in the context of digitalization]. *Al'-Farabi*, 2023, no. 81(1), pp. 158-169. <https://doi.org/10.48010/2023.1/1999-5911.13>. (In Kazakh)

12 **Bondarchuk A.I. Adaptatsiya mezhkul'turny'h vizual'ny'h kommunikacij** [Adaptation of intercultural visual communications]. *Molodoj uchenyj*, 2024, no. 3 (62), pp. 1072-1074. (In Russian)

13 **Garipova G.R., Kayumov A.A. Osobennosti organizatsii onlajn-meropriyatij v oblasti kul'tury** [The specifics of organizing online cultural events]. *Nacional'naya asociatsiya ucheny'h*, 2021, vol. 4, no. 73, pp. 13-15. <https://doi.org/10.31618/nas.2413-5291.2021.4.73.511>. (In Russian)

Авторлар туралы мәліметтер:

Байтанатова Меруерт Жарасхановна – PhD докторанты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, 160011, Шымкент қ., Қонаев даңғ. 68, тел.: +77477161376, e-mail: merukada@mail.ru.

Уалиханова Айнұр* – PhD докторанты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, 160011, Шымкент қ., Қонаев даңғ. 68, тел.: +77016753437, e-mail: u_ainura@mail.ru.

Өмірбай Абзал Саятаевич – PhD, «Философия» кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қ.Сатпаев көш. 2, тел.: +77025486824, e-mail: kazak_abzal@mail.ru.

Байтанатова Меруерт Жарасхановна – PhD докторант, Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, Республика Казахстан, 160011, г. Шымкент, просп. Кунаева 68, тел.: +77477161376, e-mail: merukada@mail.ru.

Уалиханова Айнұр* – PhD докторант, Южно-Казахстанский исследовательский университет им. М. Ауэзова, Республика Казахстан, 160011, г. Шымкент, просп. Кунаева 68, тел.: +77016753437, e-mail: u_ainura@mail.ru.

Омирбай Абзал Саятаевич – PhD, старший преподаватель кафедры философии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Республика Казахстан, 010000 г. Астана, ул. К. Сатпаева 2, тел.: +77025486824, e-mail: kazak_abzal@mail.ru.

Baitanatova Meruert Zharaskhanovna – PhD student, M.Auezov South Kazakhstan Research University, Republic of Kazakhstan, 160011, Shymkent, 68 Kunayev Ave., tel.: +77477161376, e-mail: merukada@mail.ru.

Ualikhanova Ainur* – PhD student, M.Auezov South Kazakhstan Research University, Republic of Kazakhstan, 160011, Shymkent, 68 Kunayev Ave., tel.: +77016753437, e-mail: u_ainura@mail.ru.

Omirbay Abzal Sayatayevich – PhD, Senior Lecturer of the Department of Philosophy, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, 010000, Astana, 2 K.Satpayev Str., tel.: +77025486824, e-mail: kazak_abzal@mail.ru.